

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша «Қыз бала әдебі» тақырыбындағы баяндама туралы анықтама

«Қыз бала әдебі» тақырыбында баяндама оқылды. Баяндама барысында қазақ халқы қыздар тәрбиесіне қатты көңіл бөлген. Қазіргі қоғамда біздер түрлі жағдайлармен кездесіп қалып жатырмыз. Мысалы соңғы кезде қаламызды дүр сілкіндерген оқиға бұл елімізде жұмыс жасап жатқан шет ел азаматының арбауына түсіп қалған отандастарымыздың басына түскен жағдайы әрине жан түршігерлік жағдай. Ондай оқиғалар ескерусіз қалмауы керек, себебі ақшаның арбауына ілесіп жүріп, от басып қалған қыздарымыздың келешегі не болмақ? Құрметті қыздар, бізді ата-анамыз тәрбиелі қыз, инабатты келін, жолдасына қадірлі жар, аяулы ана болуға тәрбиелеп келед, ендеше біздер олардың салып берген сара жолынан еш ауытқып кетпеуіміз қажет. Бүгінгі тәрбиелік шарамызды қорытындылай келе, ата-анамыз бойымызға дарытқан тәрбиені еш ұмытпай, өмірдегі келеңсіз оқиғаларды ескере отырып, жаман қылықтардан бойымызды аулақ ұстауға, тек ибалы да парасатты қазақ қызы болуға бет бұруымыз қажет екені айтылды.

Әлеуметтік педагог:

Л.Сәрсенбаева



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша «Оқуға құштар мектеп» жобасының жоспары негізінде «Барлық пәндер арқылы оқу» сабақ жүйесі туралы анықтама

25 сәуір күні сабақ кестесіндегі барлық пәндер бойынша пән мұғалімдері сабақ жоспарларындағы тақырыптарын ғұлама адамдардың қанатты сөздерімен байланыстырды. Соның ішінде 8 сыныпта биология пәнінің мұғалімі Оразбаева Сағыныш «Мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу орталықтары» тақырыбын «» сөздерін жүйелі пайдаланып өткізді.



6 сыныпта көркем еңбек пәнінің мұғалімі Сарсенбаева Ляззат «Батарейкалы шырағдан дайындау» тақырыбын «Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық, Жүріндер іздеп тауып алалықта» қанатты сөздерімен кіріктіре өткізді.



5 сыныпта жаратылыстану пәнінің мұғалімі Шаймолдина Гүлжайнар «Көпжасушалы ағзалар» тақырыбын Абай Құнанбаевтың ғибратты сөздерін жүйелі пайдаланып сабақты өткізді.

Жастықта бір күлгенің – бір қаралық,
Күлкі баққан бір көрер бишаралық.
Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе,
Ең болмаса еңбекпен мал табалық,



Мектеп кітапханашысы:

Қ.Ә.Сламова


**Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша
«Оқуға құштар мектеп» жобасының жоспары негізінде
«Іштен оқуға, мағыналық оқуға, мәтінмен жұмыс істеуге уақыт бөлу»
туралы анықтама**

Сәуір айында бастауыш сынып мұғалімдері Тортаева Салтанат, Жанкүшікова Ермек 2-4-сынып оқушыларының ана тілі, әдебиеттік оқу пәндерін меңгеруі барысында іштен оқуға, мағыналық оқуға, мәтінмен жұмыс істеуге уақыт бөлді.

Бастауыш сынып оқушылары бір-бірімен жарыса мәтінмен жұмыс істеп, шапшаңдықпен іштен оқуға көңіл бөлді. Оқушылар оқыған мәтіндерінің мазмұнын өзара талқылады.

Мектеп кітапханашысы:

Қ.Ә.Сламова



**Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша
«Ата-ананың отбасында бала мен қарым-қатынасы» тақырыбындағы**

сауалнама бойынша анықтама

Сәуір айларында ата – аналардан сауалнама алынды. Сауалнама тақырыбы: Ата-ананың отбасында бала мен қарым-қатынасы. Мақсаты: Ата-ананың отбасында бала тәрбиесінде алатын орнын анықтау болды. Шарты: Сауалнама 15 сұрақтан тұрады. Сұрақтарға «ия», «кейде», «жоқ» деген жауаптарды пайдаланып жауап береді. Нәтижесін қортындылай келе Ата-аналар балаларымен қарым-қатынасы қалыпты жағдайда. Ата – анамен бала өзара түсінісе алады. Ұсыныс: Мектепте ата-анамен балаға ортақ іс-шараларды өткізуге жұмыстану керект. (сынып жетекшілерге)

Әлеуметтік педагог:

Л.Сәрсенбаева



**Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша
«Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде
«20 минут, 5 минут дауыстап оқуға уақыт бөлу» туралы
анықтама**

Сәуір айында 7-8 сынып оқушылары қазақ тілі мен әдебиет пәндерінде, қоңырау кезеңдерін тиімді пайдаланып, 20 минут, 5 минут дауыстап оқуға уақыт бөлді. Өздері оқыған шығармаларының өң бойымен өзге оқушыларға композициялық талдау жасап, әдеби тұрғыдан талдады. Мектеп бұрышындағы кітаптарды қызыға оқып, білім алушылардың оқуға құштарлығы артты.

Мектеп кітапханашысы:

Қ.Ә.Сламова